

Сәтбаев қаласының әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № 63/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 тамызда № 24112 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес Сәтбаев қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 11/02 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата - ана төлемақысын мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4712 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Қ. Төлендинаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сәтбаев қаласының әкімі

А. Идрисов